



Автор: Сатылганова Айжан Таупбековна

Бағдарлама тарауы: Ересек топ

Жас тобы: Математика негіздері

Білім беру саласы: Алуан-алуан кәсіп бар, таңдай біл де, талап қыл!

ҰОҚ тақырыбы: «Заттың санын цирмен сәйкестендіру. Геометриялық пішіндер»

ҰОҚ мақсаты:	Барлық балалар: балаларды заттардың санын цифрмен сәйкестендіре алады және геометриялық пішін туралы ұғымға ие; Балалардың басым бөлігі: өз пікірін іс жүзінде дәлелдей алады.
Сөздік жұмыс:	Сәйкестендіру
Рефлексия	өз пікірін іс жүзінде дәлелдей алады.
Әдіс-тәсілдер:	сұрақ – жауап, түсіндіру, ойын, көрнекілік.
Құрал-жабдықтар:	паравоз- сандар, заттың санына сәйкес сандар, геометриялық пішіндер, смайликтер
АКТ ресурсының атауы:	презентация.
Пәнаралық байланыс:	қатынас
Алдын-ала жұмыс:	түсіндіру, әңгімелеу

ҰОҚ барысы

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
ҰОҚ кіріспе бөлімі	Амандасу Психологиялық ахуал қалыптастыру: Ойлау қабілетін жақсартуға арналған жаттығулар. Балалар бүгін балабақшаға қандай көңіл-күймен келдіңдер? Топқа бөлу: түстер арқылы 3 топқа бөлу: қызыл, сары, жасыл. Өткен ҰОҚ қайталау: «Ретімен орналастыр» ойыны Балалар мына жерде паравоздар шатасып жатыр. Оларды ретімен қойып, тура және кері санап шығу керек. (хормен санап шығу) Балалар мен сендерге қазір мына қағазды таратып беремін. Оның ішінде көк жалауша кімде болса сол топ көшбасшысы болады	

ҰОҚ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
ҰОҚ негізгі бөлімі	Балалар назарларыңды маған аударыңдаршы. Мына суреттен не көріп тұрсыңдар? Алма нешеу? Енді біз осы алманы біз санап, тиісінше санмен сәйкестендіруіміз қажет. Сәйкестендіру дегеніміз – заттың саны мен цифрдың тең болуын айтамыз 1 тапсырма Ортаға топ көшбасшыларын шақырамын. Сендерге тапсырмада заттардың санын сандармен сәйкестендір. Топты смайлик арқылы бағалау. 2 тапсырма Топпен жұмыс. «Ғажайып пішіндер» Балалар үстелдегі заттарға назар аударайықшы. Нені көріп тұрсыңдар? Оларды бір сөзбен қалай атауға болады? Қандай пішіндерді білесіңдер? Сендердің алдарында сурет берілген. Сендер осы суреттегі затты геометриялық пішіндерден құрастыруларың қажет. Жарайсыңдар. Бір – бірімізді қол шапалақтап , мадақтап қояйық. Бағалау. Балалар сендер шаршаған сияқтысыңдар. Кішкене жұмбақ шешіп дем алайық. 3 - тапсырма «Дем ал» Жұмбақ: 1. Екі қаз және үш үйрек Көлде жүзді. Ал, балалар Көлде барлығы қанша құс жүзіп жүр. (бес) 2. Ағашта 5 құс отыр, Оның 2 – үй ұшып кетті Ағашта қанша құс қалды? (үш) 3. Себетте 1 алма, Табақта 3 алма. Барлығын қосқанда Болады неше алма? (төрт) Бағалау . 4 - тапсырма. Топтық жұмыс. «Логика» Бұл жерде заттар мен геометриялық пішіндер шатасып жатыр. Заттарды алып тиісінше геометриялық пішіндермен қою қажет. Бағалау 5 - тапсырма. Бұл тапсырмада мен сендерге зат бейнеленген суретті көрсетемін, ал сендер суретте неше зат бар болса, сол санды көрсетулерің қажет. Бағалау	
ҰОҚ қорытындысы	Қорытындылау. Топ бойынша жинаған смайликтерін санап жеміпаз топты мақтап мадақтау. -Қай тапсырманы орындаған қатты ұнады?Сендер бүгін мұқият, ақылды, табанды болдыңдар. Енді сендер мына «Болжау» ағашына оқу қызметінен алған көңіл – күйлеріңді ілулерің қажет. - Оқу қызметін меңгердім, маған барлығы түсінікті (қызыл алма) - Кішкене қиындықтар болды (сары алма) - Мен ұқпадым, әлі де аялдап түсіндіріңізші (жасыл алма) Талқылау. Осымен біздің оқу қызметіміз аяқталды.	
Күтілетін нәтижелер:	Күтілетін нәтиже: Білу керек: логикалық тапсырмалар мен математикалық жұмбақтарды шеше білу керек; Болу керек: өз пікірін іс жүзінде дәлелдей алуы; Істей білу керек: балаларды заттардың санын цифрмен сәйкестендіре білу керек;	